

Амангелді орта мектебі жанындағы

Шағын дамыту орталығы

***Жоба бойынша педагогикалық ұжыммен таныстыру. Педагогтерге жобаның
мақсатын, мазмұнын түсіндіру.***

2025-2026 оқу жылы

Жоба бойынша педагогикалық ұжыммен таныстыру. Педагогтерге жобаның мақсатын, мазмұнын түсіндіру.

Амирова А (тәрбиеші) : -Құрметті әріптестер, бүгін біз ШДО-да іске асатын «Жасыл балабақша» пилоттық жобасымен танысу үшін жиналып отырмыз. Бұл жоба –балаларға экологиялық тәрбие беруді жаңа деңгейге көтеретін маңызды бастама. Бүгін біз жоба мақсаты, бағыттары, күтілетін нәтижелерімен танысамыз.

Жобаның негізгі мақсаты-балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялауға үйрету және ШДО-та экологиялық саналы ортаны дамыту. Балаларды табиғатқа жақындату, өсімдіктер мен жануарларды түсіндіру, тұрмыстағы экодағдыларлы үйрету-біздің негізгі міндетіміз.

-Балаларға табиғат заңдылықтары, су, ауа, өсімдік туралы қарапайым ғылыми түсініктер беру.

-Экологиялық ойындар, тәжірибелер, бақылау жұмыстары.

-Топта «Эко-бұрыш» ұйымдастыру: тірі өсімдіктер, табиғи материалдар, сұрыптау жәшіктері.

-Су, жарықты үнемдеу, артық қағазды пайдаланбау, қажетсіз қалдықтарды азайту.

-Таза аула мәдениетін қалыптастыру, қоқыс тастамауға үйрету.

-Балаларға үлгі бола отырып, экодағдыларды күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметіне және ойындарына енгізу қажет

-Ата-аналармен бірлесе отырып эко-көрме, эко-сенбілік сияқты іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылады.

Енді әріптестер, жобаны тиімді жүзеге асыру бойынша ой-пікірлеріңізді тыңдасақ.

Қайырғали Г (тәрбиеші) :

- эко-бұрышты толықтыру, материалдар дайындау, ата-аналармен бірлескен шаралар ұйымдастыру керек.

Амирова А (Тәрбиеші) –Ұсыныстарыңыз үшін рақмет. «Жасыл балабақша» жобасы- тек балалар үшін ғана емес, біздің ұжымның экосаналы мәдениетін қалыптастыратын маңызды қадам.

-Алдағы жұмысымыз табысты болсын!



